

УДК 82.02

ШЫҒЫСТЫҚ СЮЖЕТТЕРГЕ ҚҰРЫЛҒАН ҚАЗАҚ ДАСТАНДАРЫ

Бекмағамбетқызы Құралай

Сулейман Демирел атындағы университет магистранты

Резюме

Рассматривая статьи восточных произведениях, можно заметить различные типы и варианты легенд, рассказ, сказок и разных дастанов характерных для востока.

В статье дается собранная информация в виде вывода о поэтах слагавших стихи и собиравших эпические поэмы и легенды. Это исследование дает возможность понять и анализировать школу поэтов и суть ее целей и задач.

Ключевые слова: легенды, рассказ, сказка, сказания, дастан, хикая.

Summary

This article reconsiders to different types and variants of legends, stories and various fairytales which were written in Eastern styles.

There is given analyzed information and conclusion about poets of folklore poems and eastern poets who gathered various types of epic poems and legends. This research gives an opportunity to understand and discuss about schools of poets and their goals and objectives.

Keywords: legends, stories, fairy tales, dastan.

Аңдатпа. Мақалада шығыстық сюжетке құрылған шығармаларға шолу жасалып, олардың қазақ арасына таралу мәселесі сөз болады. Сонымен қатар, зерттелу тарихы мен қазақ әдебиетіндегі маңызы айқындалады.

Шығыстық деген сөздің өзі ұлан-ғайыр кең көлемді қамтитыны белгілі. Біз шығыс әдебиеті дегенде, ұшы-қиыры жоқ жалпы Азия мен Африканы түгел қамтып сөйлейміз. Академик Р.Бердібай, біздің шығыс деп отырғанымыз мәдениеті мен дәстүрі қазақ халқына ежелден етене жақын боп кеткен араб, парсы, түрік әдебиеті [1, 316], - деп нақтылай түсіндіреді.

Шығыстық сарындағы туындыларды жүйелеп отырып, осы шығыс атына байланысты ұшан-теңіз кеңістікке еніп кететін аңыз, әңгіме, ертегі, қисса мен дастан нұсқаларының көптеген түрлерін көре аламыз. Мәселен, «Мың бір түн» ертегісінің сюжеттері қазақ арасына әңгіме түрінде де, өлең түрінде де өте көп тараған. Көпке мәлім болған тарихи шындықтар бойынша, шығыста бір классик жырлаған тақырыпты, келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр болған. Олар біреуінің тақырыбын біреуі алуды заңды жол еткен. Тек алдыңғының өлеңін алмай және көбінше алдыңғы айтқан оқиғаларды негізінде пайдаланса да көп жерде өз еркімен өзгертіп отырған, тыңнан жырлап шығаратыны болады. Мұхтар Әуезовтың зерттеулеріне қарағанда бұлайша бір тақырыптың әр ақында қайталауы еш уақытта аударма деп танылу керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысы есепті бір салт еді, - деп жазды ғалым [3].

Әдебиет және ауыз әдебиеті тарихынан мәлім, басқа көптеген ақындар да өз творчествосында шығыс әдебиетіне көңіл бөліп отырды. Бұл жағдайда «нәзира» дәстүрі үлкен рөл атқарған. Ол дәстүрдің негізгі ұстанымы – белгілі халықтағы тақырып пен мотивті екінші халықта өзінше жырлайды. Осы дәстүр Орта Азия, Иран және Таяу Шығыс халықтары әдебиетінде орта ғасырларда кеңінен таралды. Бірақ бұл шығармалар қазіргі түсінік бойынша қарағанда аудармаға жатпайтындығын шығыс әдебиетінің зерттеушісі Н.Н.Конрад атап өткен. Басқаның шығармасын екінші бір тілде қайта тудыру – сол кездердегі творчествоның, дәлірек айтқанда, еркін творчествоның ісі еді. Шығарманың басқа тілдегі көрінісі сол кездегі адамдардың көз алдарында сол шығарманың өзін басқаша қылып көрсетті. Ол шығарма жаңа және бөлек тұрмыспен өмір сүре бастады [2, 7].

Нәзира дәстүрмен қазақтың ақын-жыраулары «Мың бір түн» ертегісі сюжеттерінің желісімен көптеген қисса-дастандар жазды. «Сейф-үл-мәлік», «Шәкір-Шәкірат», «Мәлік-Хасен», «Қасым-Жомарт», «Атымтай-Жомарт», «Орқа-Күлше» т.б. Осындай сюжеттерді жырлаушылар қатарына Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірберген, Нұралы Нысанбаев, Тұрмағанбет Ізтілеуов, Майлықожа Сұлтанқожа жатады. Осы ақындармен қатар әдебиет

тарихында «кітаби ақындар» деген атқа ие болған ақындар да көп дастандар жазған. Олар, Жүсіпбек Шайхұлисламұлы, Ақылбек Сабалұлы, Мәулекей Жұмашев, Ақыт Қарымсақов т.б. Оларды М.О.Әуезов былай деп көрсетеді: «... шығыстың кітаби-эпикалық мәдениетін меңгерген және араб, иран классикалық поэзиясының өте көп сюжеттерін, тақырыптарын «назира» рухында жырлаған мұнымен қос шығыстың басқа көп халықтарының аңыздарын, ертегілерін, тұрмыс-салт жырларын және батырлар жырларын жатқа білетін бір топ кітаби ақындар жұмыс істеді» [3, 216].

Қазақ әдебиетіне шығыс әдебиетінен келген сюжеттердің тарау кезеңі және олардың дастан, хикая, қисса аталуы жөнінде көптеген пікірлер бар. Мысалы: «Қазақ арасына шығыс әдебиетінен келген ғашықтық, эпикалық, батырлық сипаттағы әңгіме-өлең, поэма-дастандар «қисса» деген атпен басылып тарады. Бұл кітап бастыру жұмысының жандана бастаған кезеңі – XIX ғасырдың бас кезінде кең өріс алды. Сөз жоқ, қиссалар қазақ әдебиетінің тақырыптық, сюжеттік арасын кеңейтіп, оны шығыс әдебиетінің үлгілерімен толықтыру ісіне себін тигізді.

Сөйтіп қазақ ортасында қисса жазу XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде кең өріс алды. Осы кезде кейбір кітаби ақындар қазақ эпосын жинастырып, оларды да өздерінше қисса деп атап, баспадан шығарды. Батырлар жырының кейбір кітаптарда қисса аталып кетуі де осыдан, - деген мәліметтерді кездестіруімізге болады [4, 65].

Ө.Күмісбаев араб-парсы және қазақ әдеби байланыстары жайлы зерттеуінде Шығыстың классикалық поэзиясының қазақ әдебиетімен (XIX-XXғ.) байланысына шығыс әдебиетінің танымал туындыларының сюжетімен сарындас қазақ халық дастандары тұрғысынан ғылыми талдаулар жасады. Зерттеушінің пайымдауынша, «Мың бір түннен» алынған жекелеген эпизодтар қазақ авторларымен өңделіп, қазақ поэмасының тарихында маңызды мәнге ие болды [5, 262].

С.Төлеубаеваның «Тысяча и одна ночь» в казахской фольклорной традиции (на примере казахского сказочного эпоса)» тақырыбындағы кандидаттық зерттеуінде қазақ эпостарындағы «Мың бір түн» жинағынан алынған сюжеттер мен сарындарды, образдар мен поэтикалық тәсілдерді анықтап, олардың қандай

жолмен келгенін атап көрсетіп, қазақ-араб фольклорлық дәстүрлерінің үндестігін жан-жақты ашумен қатар, қазақ аудармашылары (Қ.Мұхамеджанов, Қ.Әбдіқадыров, М.Жанайдарұлы) аударған «Мың бір түнді» түпнұқса мәтінімен қысқаша салыстыра зерттеген [6].

«XX ғасырдағы қазақ-араб әдеби байланыстары» атты кандидаттық зерттеуінде М.Салқынбаев аталған әдеби байланыстарға себеп болған «Мың бір түн» және «Калила мен Димна» жинақтарының қазақ қаламгерлері шығармашылығына ықпалын өзара байланыстардың қайнар көзі ретінде қарастырады [7]. «Мысалдардағы негізгі образдық өрнектер мен кейіпкерлердің болмысы арқылы берілетін адами қасиеттердің әмбебаптығы – екі әдебиет арасындағы байланыстың болуының негізгі факторы деп тұжырым жасауға болады» [8,89б.]. Н.Жармағамбетовтың кандидаттық зерттеуінде («Поэтическая трансформация сюжетов «Тысячи и одной ночи» и «Калилы и Димны» в казахской литературе XIX- начала XX вв.» («XIX-XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі «Мың бір түн» және «Калила мен Димна» сюжеттерінің поэтикалық трансформациясы»)) XIX-XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясының «Мың бір түнмен» байланысы Абай шығармалары және басқа да ақындар шығармашылығы аясында қарастырылады [9].

Сонымен кітаби ақындар шығармашылықтары әдебиеттің белгілі бір өтпелі тарихи кезеңіндегі әдеби құбылыс. Олардан фольклордың да бар болмысын, суреттеу ерекшеліктерін, тілін және басқа да заңдылықтарын көруге болады. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында көптеп көрінген кітаби ақындар фольклордан әдебиетке, жалпы түркі халықтарына ортақ көне жазба әдебиеттен ұлттық жазба әдебиетке өтер тұстағы қазақ әдебиетінің өтпелі кезеңіндегі ерекше түрі деп қарастырып отырмыз.

Орта Азия халықтары арқылы шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне жасаған ықпал-әсері ғасырлар бойы үзілген емес әрине. Фирдауси, Низами, Физули, Жәми, Науаи, Хафиз, т.б. шығармалары арқылы келген, немесе араб, парсы, үнді аңыз ертегілерінен келген «Мың бір түр», «Шаһ-наме», «Тоты-наме», «Ләйлі – Мәжнүн», «Тахир-Зухра», «Сейфүлмәлік», «Бозжігіт», «Мұңлық-Зарлық» сияқты толып жатқан лиро-эпикалық ғашықтық

дастандар, аңыз, ертегі, хикаялар қазақ топырағында қайта түлеп, жаңарып қазақ халқының бай ауыз әдебиетімен қосылып, жаңа бір арна тапты. Жоғарыда айтылғандардан «Шаһ-наме» қазақ арасында да ертеден ауызша тарап қана қоймай, оның қолжазбаларын, басылып шыққан кітаптарын және мерзімді баспасөзде жарияланған нұсқаларын кездестіреміз.

Яғни, бұрыннан мәлім «Мың бір түн», «Ләйлі-Мәжнүн», «Калила мен Димна» секілді жәдігерлері мен Ислам дінінің пайда болып, әлемге таралуына байланысты туған әдеби үлгілерінің қазақ тілінде жасалған нұсқаларынан қазақ әдебиетінің жалпы шығыс әдебиетімен тарихи байланысын, ежелден келе жатқан терең тамырлы қарым-қатынасын көруге болады. Сондай-ақ, қазақ әдебиетінде қисса жанрының қалыптасуына әсер еткені айқын [7, 56]. Шындығында бұл дәстүр шығыс халықтар әдебиетінде ежелден келе жатқан дәстүрлердің бірі. Діни ағартушы ақындар деп жүрген ақындар тек қазақ әдебиетінде басталған жоқ. Түрік халықтары әдебиетінің барлығында етек алды десек артық айтқандық емес.

Шығыс әдебиетінен мол сусындап, жетік білген, оны қазақ ортасында қайта жаңғыртқан ақындар әдебиеттегі діни ағартушылық бағытқа көбірек мән бере отырып, шығармашылық бағыттарын осы ұстанымдарына сәйкес дамыту ниетінде болғанын жасырған емес. Көп еңбек етіп, діннің білім таратушы сипатын, адамгершілігі, үлгі - өнеге алатын тарапы мол сипаттарын түсіндіруге күш салған қаламгерлер. Шығыс әдебиетінің нәзік сыршылдығы, терең философиясы мен гуманизмі, қиялға негізделген ертегілік желісі қат-қабат келіп отырады. Демек, Ақылбек бин Сабал, Шәді Жәңгіров, Мәулекей Жұмашев, Жүсіпбек Шайхисламов, Ораз Молда, Баймұхамбет Бейсенов, Мағаз Батырғалиұлы, Кашафуддин бин Шахмардан, Мақыш Қалтаев, Ғали Махмудов, Нуұржан Наушабаев, Ақмолла, Есенмолла, Әбубәкір, Ахмед Оразаев, Жанұзақ сынды т.б. ақындарымыз шығыстық мектептің дәстүрлері негізінде ежелгі түркі әдебиетінен тәлім алған.

Ақындарымыздың сомдаған бейнелері белгілі бір ұлттың емес, жалпы шығысқа ортақ бейне болып баяндалады. Басқаша айтқанда, Сейф-ұл-мәлік, Бозжігіт, Таһир, Ибрахим, Дандан образдарында жалпылық басым. Жаратушыдан жалынып тілеп

алған перзент, ай келбетті сұлу, ақылды да білімді жас батырлар болып суреттеледі. Бас қаһармандардың бейнелері (Сейф-үлмәлік, Бозжігіт, Таһир, Ибрахим, Дандан т.б.) бір-біріне өте ұқсас болу себептері де жоғарыдағы бөлім және тараушаларда атап өткеніміздей ортақ фольклорлық бірліктерде жатыр.

Әдебиеттер

1. Бердібай Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім. 1997. – 320 б.
2. Дастандар. – Алматы. Жазушы. 1990. Т.І.
3. Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. – Алматы. Қазмемкөркемәдеббасред. 1959 ж.
4. Қазақ фольклористикасының тарихы. – Алматы. Ғылым. 1988 ж..
5. Күмісбаев Ө.Терең тамырлар. Алматы: Ғылым, 1994. Ғылым.- 320 б.
6. Төлеубаева С. «Тысяча и одна ночь» в казахской фольклорной традиции (на примере казахского сказочного эпоса). Дисс. ...канд. филол. наук. Алматы, 2004. - 142 с.
7. Салқынбаев М. XX ғасырдағы қазақ-араб әдеби байланыстары. Филол. ғылымд. канд.дисс. Алматы, 2006. - 136 б
8. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы: ҚМКӘБ, 1961. - 695 б.
9. Бердібаев Р. Замана сазы. - Алматы: Жазушы, 1985. Ғ 287 б.